

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАПОНИЯНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ БАСТАМАЛАРЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Нурсейтова Л.Д.¹, Ашинова Ж.Е.²

¹доктарант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: nurseitova.laila3@gmail.com

²т.ғ.к., аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: zhanar.ashinova@gmail.com

Аңдатпа. Аталмыш мақалада Қазақстан Республикасы мен Жапония мемлекеті арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың тарихи аспектілері мен саяси бастамаларының даму тенденциялары жан-жақты қарастырылады. Кеңес Одағы ыдырап, Орталық Азия елдерінің егемендікке қолы жеткенде, Жапон мемлекеті саяси-экономикалық байланыс орнату мақсатында маңызды саяси бастамаларды көтерді. Мәселен, «Жібек жолының аймақтық дипломатиясы», «Орталық Азия + Жапония» атты ірі саяси бағдарламасын, Орталық Азияны, Ауғанстанды және Оңтүстік – Батыс Азияны «бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне» айналдыруға бағытталған негізгі бастамаларды мысалға келтірсек болады.

Мақаланың басты өзектілігі – Жапон мемлекетінің Орталық Азия елдеріне қызығушылық танытуының басты себебі зерттеледі. Сонымен қатар, саяси бастамаларының трансформациясы мен экономикалық көмектің негізгі аспектілері сараланады. Қазақстанның Жапониямен ынтымақтастығын стратегиялық әріптестіктің жаңа деңгейіне көтеруге ынталы екендігі талданады. Қазақстан аймақтағы Жапондық компаниялар үшін инвестициялық және технологиялық хаб ретінде рөл атқаратыны, Қазақстан Жапондық инвесторлардың жұмысын жеңілдететін орта екендігі жан-жақты қарастырылады. Қазақстан үшін экономиканы әртарапқандыру саясатына негізделген өнеркәсіптік сектордағы технологиялық реформаларды алға жылжытуда Жапонияның беделі зор екендігі зерттеледі.

Қазақстанда Жапония үшін арнайы индустриялық аймақ құру мәселесін талқылау қазіргі кезде өзекті мәселелердің қатарында. Жапонияның қолданыстағы заңдары халықаралық компаниялар басқаратын арнайы аймақтарды құруға мүмкіндік береді, сондықтан Жапондық шағын және орта кәсіпорындар өз бизнесстерін кеңейтіп, ірі экономикалық реформаларға белсенді қатысады деген сеніміміз зор.

Аталмыш тақырыпта зерттеу жүргізу барысында зерттеудің кешенді теориялық әдістері салыстыру, саралау, жинақтау, жүйелеу, сараптау әдістері қолданылады.

Тірек сөздер: Қазақстан, Жапония, сыртқы саясат, стратегиялық инициативалар, Орталық Азия, ынтымақтастық, іскерлік міндеттемелер, саяси реформалар, заманауи тенденциялар, тарихи аспект, технологиялық хаб

Негізгі ережелер

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы мен Жапония мемлекеті арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың маңызы орасан зор. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, Жапония мен Қазақстан арасындағы тығыз қарым-қатынас 1992 жылы 26 қаңтарда орнатылды [1].

1992 жылы мамырда Жапонияның Сыртқы істер министрі Ватанабе Митио Орталық Азияға ресми іс-сапармен келеді. Аталмыш оқиға Жапонияның дамып келе жатқан республикалардың дамуына іс жүзінде қолдау көрсетуге дайын екендігінің көрінісі еді. Орталық Азияның тәуелсіз республикалары Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің (ЕКДБ) мүшелері болғанымен, Жапония бұл мемлекеттерді Азия Даму Банкіне (АДБ) қабылдауға ұсыныс жасады. Осылайша, Орталық Азия республикалары екі банктен де несие ала алды, бұл бұрын-соңды болмаған жетістік еді.

Ал, іскерлік міндеттемелерге келетін болсақ, жапондық компаниялар кең ауқымды бірлескен кәсіпорындар құру үшін біршама техникалық-экономикалық байланыс орнатуға әрекет етті. Мысалы, 1992 жылы Mitsubishi корпорациясы Түркіменстаннан Қазақстан арқылы Батыс Қытайдағы Тарим бассейнінің мұнай кен орындарына газ тасымалдау үшін ұзындығы 7000 км құбыр құрудың техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізуді жоспарлады. Сонымен қатар, 1993 жылы Жапония ұлттық мұнай корпорациясы (JNOC) Өзбекстан мен Қазақстанда мұнай мен газды коммерциялық өндірудің толыққанды техникалық-экономикалық негіздемесін әзірледі [2. 38-39 б].

Кіріспе

Жоғарыда аталған саяси, экономикалық байланыстардың тетігі, әсіресе, Қазақстан Республикасы болды. 1993 жылы Жапонияның Қазақстандағы елшілігі ашылды. Ал, 1996 жылы Қазақстанның Жапониядағы елшілігі ресми түрде қызметіне кірісті [5, 84-88 бб].

Кеңес Одағы ыдырап, нәтижесінде егемендікке қол жеткізген Орталық Азия республикаларымен Жапония тығыз қарым-қатынас орнатқысы келді. Жапонияның Орталық Азия елдерімен тығыз байланыс орнатуының басты төрт қағидаты бар:

Біріншіден, Жапония – бұл әлемді тұтастай алғанда қауіпсіздік пен бейбітшіліктің өркендеуіне сенетін ел. Әлемнің қай халқы болмасын, әр халықтың тәуелсіз, еркін елде өмір сүруіне құқығы бар. Сол іспетті, отаршылдардың озбыр саясатының бұғауында өмір сүрген Орталық Азияның егемендікте еркін тыныстауына жағдай жасау, тығыз дипломатиялық қарым-қатынас орнату – Жапония елінің басты міндеті;

Екіншіден, Орталық Азияның Каспий теңізінің жағалауында шоғырланған жер асты ресурстарына бай екендігімен байланысты. Шикі мұнайдың қазіргі өндірісі әлемдік көлемнің 2% - дан астамын құрайды. Болашақта құбырлар сияқты көлік нысандары жабдықталғандықтан, өндіріс көлемі екі есе артады деп күтілуде. 2% - бұл күніне шамамен 160-170 миллион баррель. Каспийдің бүкіл жағалау аймағында, оның ішінде Әзірбайжанда шикі мұнайдың күнделікті өндірісі 200 миллион баррельді құрайды. Бұл Жапония импорттайтын шикі мұнай көлемінің 3-4 пайызын құрайды. Өндірілетін табиғи газдың көлемі жылына шамамен 1300 миллиард текше метрді құрайды, бұл Жапония импорттаған көлемнен 1,6 есе көп. Қазіргі уақытта Жапония мұнай немесе газды аймақтан тікелей импорттамайды. Алайда, мұнай да,

табиғи газ да халықаралық тауарлар болып табылады және әр нарық әлемдегі №1 болып есептеледі;

Үшіншіден, Орталық Азия мен Жапонияны байланыстыратын ортақ мәселе бар. Мәселен, 19 - шы және 20-шы ғасырдың тарихында орын алған отарлаушы елдің озбыр саясатының құйтұрқы әрекеті Орталық Азия елдерін тұралатты. Сондықтан да, тәуелсіздікке қол жеткізген Орталық Азия елдері бұдан былай басқа елдердің ықпалына түспеуді қалайтыны анық. Сондай-ақ, Жапонияның «экономикалық өркендеу мен демократия арқылы бейбітшілік пен бақытқа қол жеткізу» деген берік ұстанымы Орталық Азия елдері үшін ауадай қажет бағыт болды. Сондықтан да, Ынтымақтастық базасын кеңейтуге толықтай негіз болды;

төртіншіден, бүкіл әлемде Жапонияның Орталық Азияға белсенді түрде атсалысып жатқаны белгілі. Жапония ірі елдермен келіссөздер жүргізіп, Орталық Азия елдеріне жан-жақты көмегін ұсынып келеді. Жапонияның ірі жетістіктерінің бірі – ДРК (дамуға ресми көмек).

2004 жылы көмек қаржысының жылдық көлемі 280,0 млрд. иенді құрады. Мәліметтерге сәйкес, Жапонияға ЭЫДҰ (нарықтық экономикасы бар 34 елдің қоғамдастығы) дамытуға жәрдемдесу комитетіне кіретін ірі елдердің арасында Орталық Азияға ұсынатын ДРК-нің шамамен 3% - ы тиесілі [3].

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Аталмыш тақырыпта зерттеу барысында зерттеудің кешенді теориялық әдістері салыстыру, саралау, жинақтау, жүйелеу әдістері қолданылады. Сонымен қатар, мақалада Лен К., Томохико У., Тецуя Х., «Дипломатия Шелкового пути Японии: прокладывая путь вперед» атты монографиясы, Рустемова А. «The academic mobility of students from Kazakhstan to Japan: problems and prospects», Уразаева Ф. П. «Япония и Казахстан: факторы стратегического партнёрства» атты еңбектері, Железняк О.Н. «Вхождение во внешний мир. Деятельность Японского Фонда за рубежом» атты еңбегі, Троицкий Е. Ф., Ким М. Ю. «Политика Японии в Центральной Азии», Куланов А.Е. «Культурная дипломатия Японии», Палькова А., Буковскис., Шамилов М. «Public diplomacy of Japan in Central Asia: the examples of Uzbekistan and Kazakhstan» атты зерттеу еңбектері қарастырылады.

Нәтижелері

1991-2007 жылдар аралығында Жапония келесі бастамаларды алға тартқанын атап өткен жөн:

1993 ж. - Орталық Азия елдерін экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына қосу жөніндегі бастама - өңір елдеріне қаржылық және өзге де көмек алуға мүмкіндік берді, атап айтқанда, Дамуға ресми көмек (ДРК) бағдарламасы экономикалық тұрғыда көмектің ірісі болды.

Нәтижесінде, сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға жәрдемдесу мақсатында 1993 жылғы желтоқсаннан бастап Қазақстан-жапон және жапон-Қазақстан экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комитеттері жұмыс істей бастады. Сондай-ақ, 1993-2006 жылдар аралығындағы кезеңде Жапониядан

Қазақстанға тікелей тартылған инвестициялардың жалпы ағыны 1,3 млрд. қаржыны құрады.

1997 ж. - Еуразиялық дипломатия Жапония, Ресей және Орталық Азия арасындағы экономикалық және саяси ынтымақтастықты жандандыру жылы болды.

Нәтижесінде, үш негізгі қағида дипломатиялық қарым-қатынастың негізі болды: өзара пайда, сенім және ұзақ мерзімді перспектива. Сонымен қатар, 1997 жылы Премьер-министр Рютаро Хашимото «Жібек жолының аймақтық дипломатиясы» атты бағдаламасын ресми түрде іске қосты [4, 118 б].

Рютаро Хашимотоның 1997 жылы сөйлеген сөзі Жапонияның «Көк кітап» деп аталатын сыртқы саяси құжатында қолданыла бастады. Сонымен қатар, аталмыш концепция Жапонияның Еуразиялық саясатын қалыптастырудың негізін қалады. Жапония СІМ 1997 жылы дайындаған «дипломатия туралы көк кітаптың» мәліметтері бойынша, Токионың түсіндіруінде «өркендеуді қамтамасыз ету» әлемдік экономика шеңберіндегі даму мен ынтымақтастыққа жәрдемдесуді білдіреді.

Бұл ретте басты рөл дамуға ресми көмек ретінде беріледі. Осыған байланысты, Жапония өзінің жетістігі үшін АҚШ-тың экономикалық көмегіне көп қарыздар екенін еске салған жөн, енді басқа елдерге көмектесу және осылайша «жапон ұстанымын түсінетін және қолдайтын достар табу» кезегі келді. Токио осы көмекті алатын мемлекеттерде қарым-қатынас орнатуға және саяси салмақ алуға көп көңіл бөледі. Сыртқы істер министрлігінің 1998 жылғы «Көк кітабында» ҚХР, Қазақстан, Ресей сияқты мемлекеттермен «Еуразиялық дипломатия» контексті негізінде байланыс орнату қажеттілігі туралы ерекше айтылды [3].

Рютаро Хашимотоның концепциясына сәйкес, алғаш рет Орталық Азия мен Кавказ елдері Жібек жолы аймағының бір бөлігі ретінде қарастырылды. Еуразиялық дипломатия саяси және экономикалық ынтымақтастыққа, ядролық қаруды таратпау және қоғамды демократияландыру арқылы бейбітшілікті құру саласындағы ынтымақтастыққа негізделген қатынастарды дамытуға бағытталған. Жібек жолы желілерінің әлеуетін мойындай отырып, Жапония Жібек жолы елдеріне байланыс, көлік және энергетикалық желілер саласындағы өңіршілік интеграцияны дамытуға көмек көрсетуге бағытталған жаңа тәсіл туралы жариялады.

Премьер-министр Хашимотоның сөзінен кейін 1997 жылдың жазында Жапон Парламентінің жоғары деңгейдегі бірінші делегациясы Түрікменстанға, Қырғызстанға, Қазақстанға және Өзбекстанға барды. Бұл кейінірек «оқыту миссиясы» деп аталды. Ресейге сапардан кейін 61 мүшеден тұратын Миссия Орталық Азия елдеріне жол тартты, онда олар ғылыми және іскерлік топтармен кездесті.

1998 ж. – Демократиялық қайта құруларды қолдауға, экономикалық реформаларға жәрдемдесуге, көлік инфрақұрылымын реконструкциялауға және табиғи ресурстарды барлауға бағытталған «Жібек жолы дипломатиясы» жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы. Премьер-министр Кэйдзо Обути 1998 жылы Жібек жолы бойынша іс-қимыл жоспарын жариялады, бұл Жапонияның Орталық Азия аймағындағы саясатын тұжырымдамалаудың алғашқы әрекеті

болды. Осы оқиғаларға сәйкес Азия Даму Банкі (АДБ) Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын (ОАӨЭЫ) іске қосты, ол Қытайдың «Белдеу және жол» бастамасына дейінгі Алғашқы Өңірлік байланыс бағдарламасы болды [2, 38-39 б].

Нәтижесінде, Жапония Орталық Азия елдерімен ынтымақтастықтың үш негізгі бағытын анықтады:

- сенім мен өзара түсіністікті тереңдету үшін саяси диалог;
- өңірде өркендеуді қамтамасыз ету үшін табиғи ресурстарды игеруді қоса алғанда, экономикалық ынтымақтастық;
- ядролық қаруды таратпау, демократияландыру және тұрақтандыру арқылы өңірде бейбітшілікке қол жеткізу.

Осы тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде 2002 жылғы сәуірде Жапония Премьер-Министрі Д. Коидзуми Боао форумы барысында Жапонияның Орталық Азия елдерімен бай энергетикалық ресурстармен қарым-қатынасының жанданғанын атап өтті.

2004 ж. – «Орталық Азия + Жапония» бастамасы ынтымақтастық пен өңірлік өзара іс-қимылға жәрдемдесу үшін министрліктер мен ведомстволар басшылары деңгейінде тұрақты кездесулер өткізудің жоспары бекітілді. Сонымен қатар, академиялық ортада Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасқа серпін беру қажеттігі талқыланды. Қарым-қатынастың жаңа кезеңінің ресми басталуы Жапония үкіметі ұсынған «Орталық Азия + Жапония» диалогын өткізу бастамасымен байланысты. Орталық Азия мемлекеттері бұл ұсынысқа оң көзқараспен қарады. Осындай форматтағы алғашқы кездесу 2004 жылдың тамыз айында Астанада өтті.

Нәтижесінде, оның қорытындысы бойынша бірлескен мәлімдеме қабылданды, онда диалог қағидаттары жарияланды:

- әртүрлі ұлтқа, этносқа, дәстүрге құрмет,
- бәсекелестік пен өзара іс-қимыл,
- ашық ынтымақтастық.

Мақсаттары Орталық Азиядағы бейбітшілікті, тұрақтылық пен демократияны нығайту, экономика негіздерін нығайту, реформалар мен әлеуметтік дамуға жәрдемдесу, өңір елдері мен әлемдік қоғамдастықпен байланыстарды дамыту, Жапония мен Орталық Азия елдерінің өңірлік және жаһандық проблемаларды шешудегі ынтымақтастығы болып белгіленді.

Осылайша, Токионың Орталық Азия республикаларына көпжақты көзқарасы алғаш рет ұсынылды. Бұл ретте Жапония ұсынған тетік екіжақты өзара іс-қимылды ауыстыру ретінде қарастырылмайды, бірақ Жапонияның осы өңірдегі елдермен ынтымақтастық мүмкіндіктерін толықтырады және кеңейтеді.

Жаңа тұжырымдама рухында 2006 жылы «Орталық Азия + Жапония» диалогының екінші министрлік отырысы өтті. Кездесудің басты нәтижесі іс-қимыл жоспарын қабылдау болды.

Нәтижесінде, аталмыш құжатта ынтымақтастықтың міндеттері неғұрлым нақты тұжырымдалған және оның 5 бағыты айқындалған:

- халықаралық аренадағы Жапония мен Орталық Азия елдерінің саяси диалогы мен өзара іс-қимылы,
- өзекті мәселелер бойынша өңірлік ынтымақтастық,
- бизнесті дамыту,
- зияткерлік диалог,
- сондай-ақ мәдени және гуманитарлық алмасулар.

Көпжақты өзара әрекеттесу механизмі біртіндеп айқын контурға ие болды, нақты міндеттер қойылды. Диалог аясында тұрақты күн тәртібі пайда болды.

2006 жылы жапон Сыртқы істер министрі Т. Асо Орталық Азия мен Ауғанстанды байланыстыратын «бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізі» тұжырымдамасын ұсынды. Оның негізінде Ауғанстан мен Орталық Азия қауіпсіздігінің өзара байланысын, ашық өңірлік ынтымақтастықты, әмбебап құндылықтарға негізделген әріптестікті баса көрсететін өңірге кең көзқарас жатыр. Осы принциптердің барлығы дамуға көмектесуде көрініс тапты: ашықтық, дейді Т. Асо Жапонияның аймақтағы басқа донорлармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығын көрсетті, ал нарықтық экономиканың «әмбебап құндылықтарын» тарату ЖСА желісі бойынша, атап айтқанда Өзбекстан мен Қырғызстандағы семинарлар арқылы жүзеге асырылды. Екіжақты ДРК желісі бойынша Тәжікстан мен Ауғанстан арасындағы Токионың Орталық Азияны Ауғанстан мен Пәкістан арқылы теңізбен байланыстыратын «Оңтүстік маршрут» құру ниеті аясында ерекше маңызы бар жол құрылысы қаржыландырылды [12, 4-12 бб].

Нәтижесінде, Жапония Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шарттарға (ЯҚТШ) қосылуын құптады, сондай-ақ Астананың Азиядағы қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған бастамаларына (АӨСШК) және дінаралық диалогқа оң көзқараспен қарады. Осылайша, Жапония Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК) жұмысына бақылаушы ретінде қатысады. 2006 жылдың 11-13 қыркүйегінде Жапония синтоизм храмдары қауымдастығының төрағасы Куниаки Куни Астана қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндердің II съезіне қатысты.

2009 жылдың қарашасында билікке келген Жапония демократиялық партиясы Ауғанстандағы терроризмге қарсы операцияға өзін-өзі қорғау күштерінің қатысуын тоқтатқанын мәлімдеді және осы елді тұрақтандыруға қаржылық үлес қосуды жөн көрді. Ауғанстан мен Пәкістанға қатысты жаңа стратегияда Жапония Орталық Азияны біртұтас Орталық Азия ретінде жәрдемдесу арқылы Ауғанстанды тұрақтандыруға көмектесуге ниетті екендігі айтылды, оның қаражатының едәуір бөлігі терроризм мен есірткі трафигімен күресуге жұмсалуды керек еді. Сонымен қатар, БҰҰ ұйымдарымен Тәжікстанмен байланысты жобалар бойынша, атап айтқанда, Ауғанстанмен шектесетін аудандарда жапондық ынтымақтастық жанданды. Жапондық қарсы жобаны 2015 жылы ұсынылған деп санауға болады. Азия мен Африка елдерін қамтитын сапалы инфрақұрылымға арналған серіктестік бастамасы. Осы бастама шеңберінде Азия елдеріндегі инфрақұрылымға ДРК желісі бойынша кредиттер көлемін 25% - ға ұлғайту, салыстырмалы түрде жоғары

тәуекел бейіні бар жобаларды қаржыландыруды екі есеге арттыру көзделіп отыр.

Шын мәнінде, бұл бастамалар өңір елдері үшін үлкен маңызға ие болды, ал жиынтығында ДРК желісі бойынша көмек көрсетіліп, бүгінгі күні шамамен 2 млрд. АҚШ, Орталық Азияның дамуына нақты ықпал етті. Жапонияның өзінде 2011 жылдың 11 наурызында Фукусима атом электр станциясындағы ең күшті жер сілкінісінен кейін болған апаттан кейін көп нәрсе өзгерді.

Нәтижесінде, 2012 жылдың қыркүйегінде Жапония үкіметі елде жаңа атом электр станциялары салынбайтын бағдарламаны қабылдады, бірақ қазірдің өзінде басталған құрылыс жалғасын тапты. Бұл ретте Үкімет 2030 жылға қарай елді атом энергетикасына тәуелділіктен босатуға ұмтылатын болады. Мұның бәрі, әрине, Жапонияның Орталық Азия елдерімен сыртқы саяси бағытында көрініс тапты.

Премьер-министр Хашимото Рютаро, ол өзара тәуелділікке сеніп, оны «өзара қажеттілік» деп атады. Ол бұрынғы Кеңес Одағы елдерін өзара тәуелділік желісіне біріктіріп, Жапонияның Еуразиядағы экономикалық және белгілі бір дәрежеде саяси қатысуын орнатып, Жапонияның ресурстарды барлауға қатысуына ықпал етті деп үміттенді. Жапония жаңа тәуелсіз мемлекеттерге өте қажет экономикалық және гуманитарлық көмек көрсету мақсатына қол жеткізгенімен, бастаманың басқа мақсаттарына қол жеткізу екіталай болды. Бұл алғашқы жапондық операциялардың сәтсіздіктері келесі себептерге байланысты болды. Біріншіден, Жібек жолымен байланысты тарихи сілтемелерге қарамастан, Жапонияның сыртқы саясаты ОА-ны нашар анықтады, өйткені оның Азиядағы саясаты АСЕАН елдеріне жиі назар аударды.

Тіпті Еуразиялық дипломатия (Жібек жолы) туралы сөйлеген сөзінде де премьер-министр Хашимото «Жапонияның сыртқы саясатының негізгі мақсаты Азия-Тынық мұхиты аймағында бейбітшілік пен өркендеуді сақтау» деп мәлімдеді, ал Жібек жолы аймағы даулы жаңа шекара ретінде анықталды.

Орталық Азияның Жапония үшін маңыздылығы мен орнын «анықтау» міндеті Жапонияның Орталық Азия аймағынан салыстырмалы түрде алыстығына байланысты ең үлкен қиындықтардың бірі болды. Сәйкесінше, бұл жапон саясаткерлеріне осы аймақтың саясатын "қалыптастыруды" қиындатады.

Жапония үшін практикалық тұрғыдан маңыздылығы. Кейбір ғалымдар бұл қызығушылықтың болмауы аймақтағы жапондық сыртқы саяси көзқарастың артықшылығы деп болжайды, өйткені Жапония үшін мүмкін болатын артықшылықтардан гөрі аймақты дамытуға деген қызығушылықтан туындауы мүмкін.

Жапонияның аймақтағы елшіліктерін құрған бірнеше дипломаттардың мойындауы бойынша, бастамалардың көпшілігі Сыртқы істер министрлігінің (СІМ), Қаржы министрлігінің және басқа да тиісті ведомстволардың елшілері мен шенеуніктерінің ынта-жігері мен адалдығының арқасында өздігінен жүзеге асырылды. 1997 жылы премьер-министр Хашимото өзінің Еуразиялық сөзінде АСЕАН аймақтық форумы мен Азия-Тынық мұхиты экономикалық

ынтымақтастығын "Жапонияның сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтауға арналған" негізгі платформалар ретінде атап өтті.

Оның Еуроазиялық дипломатиясы осындай шектеулерді көрсетіп, Азия-Тынық мұхиты аймағынан тыс жерлерде «сыртқы саясатымыздың көкжиегін кеңейтуге», Ресеймен, Қытаймен, Орталық Азия республикаларымен және Кавказбен жаңа байланыстар орнатуға шақырды. Алайда, тіпті 2004 жылғы «Орталық Азия + Жапония» диалог схемасы Жапонияның АСЕАН плюс 3 моделін алу және оны ЦА-ға қолдану арқылы АСЕАН елдерімен өзара әрекеттесуіне негізделген.

Сыртқы істер министрлігінде және сарапшылар қауымдастығында кейбіреулер бұл схеманы Орталық Азия аймағында АСЕАН тәрізді ұйым құру үшін қолдануға болады деп болжайды. Осылайша, Жапония осындай әмбебап құндылықтарды институционализациялауға үміттенгенімен, бұл құндылықтар оның көмек бағдарламалары үшін алғышарт ретінде пайдаланылмайды. Жапондық шенеуніктер Орталық Азия мемлекеттерінің әмбебап құндылықтарды қабылдаудағы қиындықтарына жиі жанашырлық танытып, Жапония экономикалық супердержава мәртебесіне жеткенге дейін экономикалық көмек алушы болды деп сендіреді [13, 191-203 б].

Талқылау

Қазақстан мен Жапония елдерін саяси-экономикалық байланыспен қатар, қос елдің ядролық қарудың құрбаны болғандығы қарым-қатынасты ерекше жандандыра түсті. Нәтижесінде, Жапония Семей өңірі бойынша БҰҰ АА қарарының тікелей авторы болды. 1998 жылдың наурыз айынан бастап Қазақстан аумағында ядролық сынақтардың салдарын зерттеу бойынша Жапониямен бірлескен жұмыстар жүргізіле бастады. Сонымен қатар, 1999 жылы қыркүйек айында Токиода бұрынғы Семей ядролық полигонының проблемалары бойынша халықаралық конференция өтті. Ал, 2000 жылдың көктемінде Жапония Үкіметі ядролық қарудан зардап шеккен Семей өңіріне 648 млн. иен (шамамен 6 млн.) көлемінде медициналық жабдықтарды жеткізді. 2006 жылы 29 тамызда маңызы зор тарихи кезең орын алды. Яғни, ядролық полигонның жабылуына орай Нагасаки және Семей қалалары арасында телекөпір өтті. 2006 жылғы 20 желтоқсанда Жапония Үкіметі БҰҰ-мен бірлесіп 2 млн. көлемінде қаржымен «бұрынғы Семей ядролық полигонының аумағында адам қауіпсіздігін қамтамасыз ету» жобасын іске асыра бастады [13, 191-203 бб].

1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азия аймағында бес жаңа тәуелсіз республика пайда болды. Жас тәуелсіз республикалар ретінде өмір сүрудің алғашқы күндерінде бұл мемлекеттердің экономикалық тәжірибесі, қаржылық резервтері, халықаралық дипломатиялық ықпалы төмен болды.

Жапония мен Қазақстан Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестікті тереңдету және кеңейту мақсатында сол кездегі Жапонияның Премьер-министрі Синдзо Абэ Қазақстанға бірнеше мәрте келіп, ынтымақтастықтың жаңа формасын ұсынады. Ол сол кездегі Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың шақыруымен

Қазақстан Республикасына ресми сапармен келді. Премьер-министр Абэ және Президент Назарбаев Қазақстан Президентінің 2006-2008 жылдардағы сапары кезінде жарияланған «Жапония Премьер-министрі Ясуо Фукуда мен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бірлескен мәлімдемесінің» маңыздылығын атап өтіп, екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдетуге және кеңейтуге мүдделілік білдірді [9, 139-153 б].

Екі елдің көшбасшылары екіжақты қатынастардың қазіргі даму деңгейіне қанағаттанғандықтарын білдіріп, Премьер-министр Абэнің Қазақстанға сапары екі ел арасындағы жаһандық ауқымдағы әріптестікті тереңдетуге маңызды серпін бергенін растады.

Сондай-ақ, Жапонияның бүкіл әлемде бейбітшілік пен өркендеуді қамтамасыз ету және бейбіт халық ретінде өмір сүру жөніндегі күш-жігерін құптады. Премьер-министр Абэ Қазақстанның саяси, әлеуметтік және экономикалық даму, этносаралық және дінаралық үйлесімділік мұраттарын ілгерілетудегі жетістіктерін атап өтті. Премьер-министр Қазақстанның ядролық қарусыздану және таратпау саласындағы бүкіл әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге қосқан үлесін атап өтті және өз елінің халықаралық ынтымақтастық қағидатына негізделген "белсенді пацифизмді" одан әрі ілгерілету жөніндегі күш-жігерін түсіндірді. Қазақстандық тарап Жапонияның бейбіт бастаманы іске асыру жөніндегі күш-жігерін жоғары бағалады [11, 17-20 б].

Жапония мен Қазақстан арасындағы белсенді саяси диалогтағы прогреске қанағаттанғандықтарын білдіріп одан әрі дамуға жәрдемдесуге дайын екендіктерін растады. Сонымен қатар, екі тарап жоғары деңгейлерде анағұрлым тығыз диалогта ілгерілеуге, үкіметаралық алмасуларды нығайтуға және екі елдің дипломатиялық ведомстволары арасында мерзімді консультациялар өткізуге жәрдемдесуге уағдаласты [10, 143 б].

Екі тарап екі елдің парламентарийлері арасындағы алмасулардың маңыздылығын атап өтіп, екі елдегі Достық парламентарийлердің 2-ші Альянсының неғұрлым белсенді қызметі екіжақты қатынастарды одан әрі нығайтуға елеулі үлес қосатынына сенім білдірді. Сондай-ақ, «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты шеңберінде іске асырылып жатқан жобаларды және «Ұлт жоспары - 100 институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 5 нақты қадамда» баяндалған Қазақстан алдында тұрған сын-тегеуріндерді атап өтіп, екі елдің тиісті институттары арасындағы әріптестік ілгерілейтініне үміт білдірді.

Экономикалық сала бойынша, екі тарап та ресурстық салаға бағытталған ынтымақтастықтың дамуын құптады және екі ел арасындағы экономикалық қатынастардың деңгейін жаңа, неғұрлым жетілдірілген, сапалы деңгейге көтерудің маңыздылығымен келісті. Бұл тұрғыда Тараптардың екі жағы да жапон технологияларын тиімді қолдану және Қазақстанда ұлттық даму үшін іске асырылатын түрлі жобалардағы тәжірибе екі ел арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың негізі болып табылады. Екі тарап та Жапония Премьер-Министрінің Қазақстанға сапары барысында екі ел арасындағы екіжақты жобалар бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол жеткізуге

қанағаттанғандықтарын білдірді және олардың табысты іске асырылуы үшін әріптестікті одан әрі ілгерілету ниетін растады [8, 139 б].

Екі тарап атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы өзара ынтымақтастық екі елдің болашақта әлемде жетекші рөл атқаруын жалғастыру үшін өте маңызды деген пікірмен бөлісті. Жапонияның атом электр станцияларын салу және пайдалану және техникалық аварияларды жою саласындағы мол тәжірибесін ескере отырып, қазақстандық тарап Қазақстанда атом электр станцияларын салу жобаларын іске асыру үшін жапон тарапымен ынтымақтастыққа қызығушылық танытты.

Жапония үшін Қазақстанмен экономикалық ынтымақтастықтың маңыздылығы – Орталық Азия елдері арасында ең үлкен жер аумағына және халық саны бойынша 2-ші орынға ие, сондай-ақ жоғары табысқа ие болуына тікелей байланысты болды. Сонымен қатар, ел мұнай мен уран сияқты табиғи ресурстарға бай, алайда, дамымаған инфрақұрылым ретінде, аймақтар арасындағы экономикалық диспропорциялар және қоршаған ортаның ластануы деген негізгі проблемалар бар. Бұл пробеламаларды шешуде Жапония мемлекетінің тәжірибесі өте маңызды.

Қазақстанға көмек көрсетудің негізгі саясаты мен басым бағыттары Қазақстан Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі жаңа халықаралық жағдайда геосаяси маңызды орынға ие болғандықтан, елдегі нарықтық экономиканы демократияландыру және енгізу қозғалысы ДРК жоспары тұрғысынан қажет болды.

Қорытынды

2022 жылы 29 сәуірде жергілікті уақыт бойынша сағат 10:00-да (жапон уақыты бойынша 13:00-ге дейін) Қазақстан Республикасына сапармен келген Сыртқы істер министрі Есимаса Хаяши Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен шамамен 30 минут бойы әңгімелесті. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Министр Хаяшидің Қазақстанға сапарын жылы қарсы алып, екіжақты қатынастардың экономикалық саланы қоса алғанда, кең ауқымды салаларда дамып келе жатқанына қуанышты екенін және екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікті одан әрі дамытуға үміттенетінін мәлімдеді [6, 102-110 бб].

Бұған жауап ретінде Сыртқы істер министрі Хаяши соңғы 12 жылда алғаш рет дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толуына орай Жапонияның Сыртқы істер министрі ретінде Қазақстанға келу мүмкіндігіне қуанышты екенін және екі ел арасындағы стратегиялық әріптестік екі ел көшбасшылары арасындағы алмасулар мен саяси диалог арқылы нығая түсетінін мәлімдеді. Ол жағдайдың тұрақты тереңдеуін құптады. Екі тарап екіжақты қатынастарды, соның ішінде «Орталық Азия + Жапония» диалогы аясындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға уағдаласты.

Жапония мемлекеті үшін басты мәселе – елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ол бүкіл әлемге бейбітшілік пен тұрақтылықтың биік насихаттап келеді. Сондықтан осы аймақтың этникалық және діни компоненттерінен туындайтын сын-қатерлер Жапонияның қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін.

Басқаша айтқанда, көп нәрсе Орталық Азия аймағындағы тұрақты жағдайға байланысты болады.

Қазіргі уақытта «Диалог Орталық Азия + Жапония» өзін ұжымдық ынтымақтастықтың тиімді нысаны және кең Еуразиялық өңірде саяси және экономикалық байланыстарды тереңдетудің пәрменді тетігі ретінде көрсетті. Жапония Орталық Азия аймағын стратегиялық маңызды деп нақты анықтады. Бұл Орталық Азия елдерінің Жапонияның сыртқы саясатындағы рөлінің артқанын көрсетеді. Осылайша, 90-шы жылдары ұсынылған Хашимотоның Еуразиялық доктринасы өзектілігін жоғалтпады деген қорытынды жасауға болады. Ол «Еуразия» елдерімен қатынастарды экономикалық орындылық, қауіпсіздікті бірлескен күш-жігермен қамтамасыз ету, гуманитарлық саладағы ынтымақтастық қағидаттарында дамыту үшін негізін қалады.

Биполярдан кейінгі кезеңге жататын Жапония мен Орталық Азия елдерінің қарым-қатынасының қазіргі кезеңіне келетін болсақ, екі жақта да бауырластық қатынастардың өз ұлттық мүдделері үшін айрықша маңыздылығын түсіну нығайды. Жоғары деңгейдегі өзара іс-қимылдың жақсы дәрежесі Орталық Азия мен Жапонияға өзара қызығушылық тудыратын барлық салаларда ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік берді. Таяу Шығысты реттеу, Корей түбегіндегі ядролық проблема, жаһандық экономикалық проблемалар, тараптардың қазіргі заманның жаһандық және өңірлік проблемаларын шешудегі БҰҰ-ның орталық рөлін мойындауы және т.б. қоса алғанда, халықаралық саясаттың көптеген проблемалары бойынша екі тараптың ұстанымдары жақын немесе толық сәйкес келеді. Жапония мен Орталық Азия бір-бірін саяси одақтастар қатарына қоспаса да, серіктесті әскери қауіп ретінде қарастырмайды.

Қазіргі таңда Қазақстанның Жапониямен экономикалық байланыста жаңа стратегиялық қарым-қатынас орнатуға мүмкіндігі орасан зор. Инвестицияларды тарту жоспарында Жапониямен ынтымақтастыққа басымдық беру – Қазақстанның экономикалық, саяси бағыттағы рөлін арттыра түсіретіні бәрімізге аян.

Қазақстанда Жапония үшін арнайы индустриялық аймақ құру мәселесін талқылау қазіргі кезде өзекті мәселелердің қатарында. Жапонияның қолданыстағы заңдары халықаралық компаниялар басқаратын арнайы аймақтарды құруға мүмкіндік береді, сондықтан Жапондық шағын және орта кәсіпорындар өз бизнестерін кеңейтіп, ірі экономикалық реформаларға белсенді қатысады деген сеніміміз зор. Компаниялармен ынтымақтастықтан басқа, жапонияның техникалық саладағы NEDO, адами ресурстарды дамытудағы JICA, маркетингтегі JETRO және қаржыландыру саласындағы JBIC сияқты Мемлекеттік институттарымен ынтымақтастықты одан әрі дамытып, екі ел арасында ынтымақтастық жүйесін құру – қазақ-жапон қарым-қатынасын одан әрі нығайта түседі.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің кадрлық әлеуетін дамыту, шағын және орта бизнесті дамытуды қолдау, өнеркәсіптік технологияларды дамытуды қолдау және арзан несие жүйесін құруды қолдау сияқты салаларды ілгерілетуде Жапония елінің даму қарқыны озық тәжірибенің көзі болып табылады. Сондықтан да, аталмыш зерттеу мақаламызда Қазақстан мен

Жапония елдері арасындағы саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынастың тарихи аспектілері зерттеліп, қос мемлекет арасындағы мазмұнды бағдарламалардың пайда болу мерзімі мен нәтижелері қарастырылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан мен Жапония инвестициялар саласында қарым-қатынасты дамытуға ниетті. <https://prime.minister.kz/news/15557>

[2] Len C., Tomohiko U., Tetsuya H. Japan's Silk Road Diplomacy Paving the Road Ahead : monograph. - Johns Hopkins University-SAIS, 2008. – P 38-39.

[3] Aso T. Transformation of Central Asia into a corridor of peace and stability. <https://www.mofa.go.jp/region/europe/speech0606.html>

[4] Железняк О.Н. Вхождение во внешний мир. Деятельность Японского Фонда за рубежом // Япония 1999-2000. Ежегодник. – М., 2000. – С. 110-118.

[5] Троицкий Е. Ф., Ким М. Ю. Политика Японии в Центральной Азии (1992-2016 гг.) // Вестник Томского государственного университета. История. – 2017. – №. 50. – С. 84-88.

[6] Kim V., Yem N. Globalizing central Asian human resources and soft power of Japanese education // Journal of Oriental Studies. – 2022. – Т. 100. – №. 1. – С. 102-110.

[7] Куланов А.Е. Культурная дипломатия Японии // Япония. Ежегодник, выпуск №36. – Москва, 2007. – С.116-130.

[8] Ogoura Kazuo. Sharing Japan's Cultural products as «International Assets» // Japan Echo. – Vol.31, 2004. – № 6. – P.139.

[9] The Japan Foundation. Overview of Programs 2005, Annual Report 2003-2006. – Tokyo, 1998. – P.139-153.

[10] Rustemova A. et al. The academic mobility of students from Kazakhstan to Japan: problems and prospects // Social Sciences. – 2020. – Т. 9. – №. 8. – С. 143.

[11] Уразаева Ф. П. Япония и Казахстан: факторы стратегического партнёрства // Успехи современной науки. – 2017. – Т. 8. – №. 3. – С. 17-20.

[12] Palkova A., Bukovskis K., Shamilov M. Public diplomacy of Japan in Central Asia: the examples of Uzbekistan and Kazakhstan //KazNU Bulletin. International relations and international law series. – 2020. - № 4 (92). – С. 4-12.

[13] Жунусова Б., Борбасов С. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаттағы басымдықтары: қазіргі жағдайы және негізгі мәселелері // Отан тарихы-Отечественная история. – 2021. – №. 4 (96). – С. 191-203.

REFERENCES

[1] Qazaqstan men Japonia investisialar salasynda qarym-qatynasty damytuğa nietti [Kazakhstan and Japan in the field of investment intends to develop a relationship]. <https://primeminister.kz/news/15557> [in Kaz.]

[2] Len C., Tomohiko U., Tetsuya H. Japan's Silk Road Diplomacy Paving the Road Ahead: monograph. Johns Hopkins University-SAIS, 2008, pp. 38-39.

[3] Aso T. Transformation of Central Asia into a corridor of peace and stability <https://www.mofa.go.jp/region/europe/speech0606.html>

[4] Zheleznyak O.N. Vkhodzhenie vo vneshnij mir. Deyatel'nost` Yaponskogo Fonda za rubezhom [Entering the outside world. Activities of the Japanese Foundation abroad]. Yaponiya 1999-2000. Ezhegodnik. M., 2000, 110-118 s. [in Rus.].

[5] Troiczkiy E. F., Kim M. Yu. Politika Yaponii v Czentral'noj Azii (1992-2016 gg.) [Kazakhstan and Japan in the field of investment intends to develop a relationship]. Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Istoriya, 2017, N 50, ss. 84-88 [in Rus.]

[6] Kim V., Yem N. Globalizing central Asian human resources and soft power of Japanese education. Journal of Oriental Studies, 2022, T. 100, №. 1, C. 102-110.

[7] Kulanov A.E. Kul'turnaya diplomatiya Yaponii (Japan's Cultural Diplomacy)// Yaponiya. Ezhegodnik, vy`pusk N 36. Moskva, 2007, s.116-130 [in Rus.].

[8] Ogoura Kazuo. Sharing Japan's Cultural products as «International Assets». Japan Echo, Vol.31, 2004, №6, 139 p.

[9] The Japan Foundation. Overview of Programs 2005, Annual Report 2003-2006. Tokyo, 1998, pp.139-153.

[10] Rustemova A. et al. The academic mobility of students from Kazakhstan to Japan: problems and prospects, Social Sciences, 2020, T. 9, №. 8, s. 143.

[11] Urazaeva F. P. Yaponiya i Kazakhstan: faktory` strategicheskogo partnyorstva [Japan and Kazakhstan: factors of strategic partnership]. Uspekhi sovremennoj nauki, 2017, T. 8, N 3, s. 17-20 [in Russ.].

[12] Palkova A., Bukovskis K., Shamilov M. Public diplomacy of Japan in Central Asia: the examples of Uzbekistan and Kazakhstan. KazNU Bulletin. International relations and international law series, 2020, №4 (92), s. 4-12.

[13] Junusova B., Borbasov S. Qazaqstan Respublikasynyñ syrtqy saiasattağy basymdyqtary: qazırǵı jağdaiy jáne negizgi máseleleri [Priorities of the Republic of Kazakhstan in foreign policy: current state and main problems]. Otan tarihy-Otechestvennaia istoria, 2021, №. 4 (96), S. 191-203 [in Russ.].

ТРАНСФОРМАЦИЯ И ОСОБЕННОСТИ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКИХ ИНИЦИАТИВ ЯПОНИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

*Нурсеитова Л.Д.¹, Ашинова Ж.Е.²

*¹докторант, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: nurseitova.laila3@gmail.com

²к.и.н., старший преподаватель, Казахский национальный
университет им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: zhanar.ashinova@gmail.com

Аннотация. В данной статье рассматриваются исторические аспекты дипломатических отношений и тенденции развития политических инициатив между Республикой Казахстан и государством Япония. Когда Советский Союз распался и страны Средней Азии достигли суверенитета, Японское государство инициировало важные политические инициативы с целью установления политико-экономических связей. Например, можно привести в пример крупную политическую программу «региональная дипломатия Шелкового пути», «Центральная Азия + Япония», основные инициативы, направленные на превращение Центральной Азии, Афганистана и Юго - Западной Азии в «коридор мира и стабильности».

Основная актуальность статьи заключается в том, что изучается основная причина заинтересованности японского государства в странах Средней Азии. Кроме того, будут проанализированы основные аспекты трансформации политических инициатив и экономической помощи. Анализируется стремление Казахстана вывести сотрудничество с Японией на новый уровень стратегического партнерства. Всесторонне рассматривается, играет ли Казахстан роль инвестиционного и технологического хаба для японских компаний в регионе, является ли Казахстан средой, облегчающей работу японских инвесторов. Для Казахстана исследуется большой авторитет Японии в продвижении технологических реформ в промышленном секторе, основанных на политике диверсификации экономики.

Обсуждение вопроса создания в Казахстане специальной индустриальной зоны для Японии в настоящее время является одним из актуальных вопросов. Действующие законы

Японии позволяют создавать специальные зоны, управляемые международными компаниями, поэтому мы уверены, что японские малые и средние предприятия расширят свой бизнес и будут активно участвовать в крупных экономических реформах.

При проведении исследования по данной теме используются комплексные теоретические методы исследования, методы сравнения, дифференциации, обобщения, систематизации, экспертизы.

Ключевые слова: Казахстан, Япония, внешняя политика, стратегические инициативы, Центральная Азия, сотрудничество, деловые обязательства, политические реформы, современные тенденции, исторический аспект, технологический центр

TRANSFORMATION AND PECULIARITIES OF JAPAN'S FOREIGN POLICY INITIATIVES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

*Nurseitova L.D.¹, Ashinova Zh. Ye.²

^{*1}Ph.D student, Al-Farabi Kazakh National University,

Almaty, Kazakhstan, e-mail: nurseitova.laila3@gmail.com

²Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh

National University, Almaty, Kazakhstan,

e-mail: zhanar.ashinova@gmail.com

Abstract. This article examines the historical aspects of diplomatic relations and trends in the development of political initiatives between the Republic of Kazakhstan and the state of Japan. When the Soviet Union collapsed and the countries of Central Asia achieved sovereignty, the Japanese state initiated important political initiatives to establish political and economic ties. For example, one can cite the example of the major political program “regional diplomacy of the Silk Road” “Central Asia + Japan”, the main initiatives aimed at turning Central Asia, Afghanistan and Southwest Asia into a “corridor of peace and stability”.

The main relevance of the article is that the main reason for the interest of the Japanese state in the countries of Central Asia is studied. In addition, the main aspects of the transformation of political initiatives and economic assistance are differentiated. It is analyzed the willingness of Kazakhstan to raise cooperation with Japan to a new level of strategic partnership. It is comprehensively considered that Kazakhstan plays a role as an investment and technology hub for Japanese companies in the region, and that Kazakhstan is an environment that facilitates the work of Japanese investors. For Kazakhstan, Japan has a great authority in promoting technological reforms in the industrial sector based on the policy of economic diversification.

The research on this topic uses complex theoretical research methods, methods of comparison, differentiation, generalization, systematization.

Key words: Kazakhstan, Japan, foreign policy, strategic initiatives, Central Asia, cooperation, business commitments, political reforms, current trends, historical aspect, technology hub

Статья поступила 29.02.2024